БҚББ

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің орынбасары –
Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы
генерал-майор А.С. Балтабековке

Негіздеме

2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына 201/076/123, 201/076/114 бағдарламалар бойынша баға ұсыныстарын сұрату арқылы қаржылық қызметтерді (кассалық қызметтерді) сатып алу жоспарланған.

Азаматтық кодекстің 380-бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Шарт жасасу міндеттемесі Кодексте, заң актілерінде немесе ерікті түрде қабылданған міндеттемеде көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген қызметтерді сатып алу 85-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады. «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрыққа сәйкес Мемлекеттік мекемелер кассаларында банктен чек бойынша және корпоративтік төлем карточкасын пайдалану арқылы алынған қолма-қол ақшаны барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген ақшалай қаражатты қоспағанда, қызмет көрсететін банктен ақша алған күнді қоспағанда, үш жұмыс күнінен артық сақтамайды. Мемлекеттік мекеме кассаға қабылдаған қолма-қол ақша, барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген ақшалай қаражатты қоспағанда, қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қолма-қол ақшаны тиісті бақылау шоттарына есептеу үшін банкке тапсырады. Ақшаны, оларды алдын ала тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына тапсырмастан, пайдалануға рұқсат етілмейді.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңға (бұдан әрі — Заң) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің орталық банкі және банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейі болып табылады.

Заңның 30-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес банк операцияларына кассалық операциялар: банктердің қолма-қол ақшаны қабылдау мен беруі, оның ішінде оларды өзгерту, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау және сақтау жатады.

Қызмет көрсету шарты үш жақты тәртіпте: мемлекеттік орган, банк және «Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті» РММ арасында жасалады. Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу біртекті тауарларды сатып алған жағдайда, егер мұндай біртекті жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық көрсеткішіндегі осындай біртекті жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, екінші деңгейлі банктерде мұндай өнім болмағандықтан, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ-мен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен қаржылық қызметтер көрсетуге шарт жасау қажет деп есептеймін.

Бюджет-қаржы басқармасының бастығы
полковник **Д. Ахметов**
2026 жылғы «8» қаңтар